



ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТАТЫН МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕКТЕП
ТАРАЗ ҚАЛАСЫ, ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

“Оқыту мен оқудағы әдіс- тәсілдердің тиімді жолдары”

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:
Рысжанова Гүлназия Молдашқызы



«Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім».

Н.Ә.Назарбаев

«Ескіден қол үзбей, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады»

Конфуций

- Қазіргі кезде еліміздің білім беру жүйесінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны бәрімізге түсінікті. Қай заманда, қандай реформа болсын мектептің басты тұлғасы мұғалім болып қалады. Мемлекеттік білім саясаты да осы мұғалімдер арқылы жүзеге аспақ.
- Рухани байлық ең алдымен өз халқымыздың ұлттық әдет-салты, көзқарасы, шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Әр оқушының қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайту, ұлттық байлықты ұрпақ тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып тәрбиелеу – бүгінгі білім берудегі басты мақсат.

- *Бұл міндеттерді жүзеге асыру барысында мұғалім балаға білім мен тәрбие бере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Нәтижесінде, баланың білімге, оқуға қызығуы артып, ол оған қуаныш әкелетіндей әсерде болуы қажет. Сондықтан, сабақ беретін әрбір ұстаздың жан-жақты мағлұматы бар, өз пәнін шығармашылық жоғары деңгейде меңгерген мұғалім болуы – шарт.*
- *Осы тұрғыдан алғанда алдымен мұғалімдердің біліктілігі, содан соң оқушыларды оқытып қана қоймай, алған білімін кәдеге асыра білуге үйретуі-басты міндетке айналуы тиіс. Сондықтан білім беру саласы оқытудың өзге де тиімді, жаңа тәсілдерін меңгеруге басты назар аударуда. Елбасымыз орта білімді түбегейлі жаңғыртуды талап етіп, мұны шетелдік ең үздік тәжірибелер арқылы енгізуді мақсат еткені баршаңызға мәлім. Осыған орай қазіргі кезде әлемдік тәжірибе және мектептердің бүгінгі таңдағы талаптары ескерілген үш айлық курстар ұйымдастырылған, олардың оқу бағдарламасы осы мақсатты жүзеге асыруға бағытталған.*

«Мұғалімге сөз өз ойын сапырыстырып айту үшін берілмейді, басқаның ойына қозғау салу үшін беріледі»

В.О.Ключевский

«Мұғалім оқушының құлағына воронкаға су құйғандай айқайлайды, ал оқушының жауапкершілігі тек қана айтқанды қайталау. Мен мұғалімнің осы қателігін жөндегенін қалар едім»

Мишель Монтень

«Менің арманымдағы мектеп» (бейнетаспа)

- *Сіздер мына көріністен мұғалімнің іс-әрекетінен қандай проблемалар байқадыңыздар?*
- *Проблема анықталды, оны қалай шешуге болады деп ойлайсыздар?*

Миға шабуыл



Еліміздегі түбірлі өзгеріс, жаңалық сәулесі мектеп, оқушы, ұстаздар арасына кеңінен таралып, қазір сабақтың көптеген тиімді түрлері тәжірибеге кеңінен енуде. Ең басты, маңызды мәселе – ұстаздар қауымына шығармашылық жолдың ашылуы.

Оқыту – мұғалім мен оқушылардың белгіленген мақсатқа жетуге бағытталған, реттелген, бірлескен іс-әрекеті, оқушылардың танымдық іс-әрекетін арнайы ұйымдастыру. Оқыту процесі – екі жақты процесс болғандықтан, мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетін, мұғалім тарапынан оқушы іс-әрекетіне басшылық етуді, жоспарлауды, ұйымдастыруды талап етеді. Әр сабақты мүмкіндігіне қарай түрлендіре жүргізу бүгінгі оқытудың да басты белгілері.

Сабақтың тақырыбы: Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы

Сабақтың мақсаты:

1. Жамбыл Жабаевтың өмір тарихына шолу жасай отырып, шығармашылығының қазақ әдебиетінде алатын орны мен маңызына тоқталу.

2. Ақын шығармаларын талдай отырып, оқушылардың бойында өз еліне, тіліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

3. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ету, ойлау шеберлігін, сөйлеу, жазу мәдениетін дамыту.

Сабақтың түрі: аралас

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, талдау

Көрнекілігі: слайд, қосымша әдебиеттер, видеофильм

Пәнаралық байланыс: тарих, география

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды түгелдеу, сабаққа зейінін аудару.

1. Психологиялық дайындық. «Көңіл-күйің қандай

2. Түрлі түсті қағаздар арқылы топтарға бөлінеді.

3. Топтық тапсырма. Ақынның шығармашылығы туралы.

I топ. Сатиралық өлеңдерінің ерекшелігі

II топ. Отаншыл өлеңдерінің маңыздылығы

III топ. Ақын шығармашылығындағы айтыс өнері

Жұмыстарын ортаға салып қорғайды.

III. Ойтолғаныс.

1. «Сәйкестендіру кестесі». Ақын өлеңдерінен берілген үзінділерді тақырыптармен сәйкестендіріп, анықтау.

(Ақын мұражайы туралы видеофильмді көрсету)

Сабақты бекіту: Ноутбук арқылы ақын өлеңдеріне сатылай кешенді талдау жасайды.

Үйге тапсырма беру. «Жыр алыбы – Жамбыл» ойтолғау.

Бағалау. Топ басшылары сабақ барысындағы іс-әрекетіне қарай топ мүшелерін бағалайды.

Сабақтың тақырыбы:
Сайын Мұратбеков
«Жусан иісі»

Сабақтың міндеттері:

1. Мәтінді түсініп оқуға, жүйелі мазмұндауға үйренеді.
2. Үзінді мәтініне талдау жасайды, негізгі идеяны түсінеді.
3. Ой-өрісін, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін шыңдауға ықпал етеді.



Топтық міндет:

Оқушылар өз ойларын қорғай білуге үйренеді, бір-бірін тыңдайды, тапсырманы бірге шешеді.

Сабақтың мақсаты:

Жазушының өмірінен мәлімет бере отырып, әңгіменің мазмұнын меңгерту

Сыни ойлауды дамытуға байланысты міндет:

Оқушылар ой талқысына түсе отырып, өзара пікір алмасады, іс-әрекеттерін талдайды.

Сабақтың типі:

Жаңа білімді
менгерту

Сабақтың түрі:

Аралас сабақ

Пәнаралық байланыс:

тарих, бейнелеу өнері



Сабақтың көрнекілігі:

ИТ, әңгіменің
тақырыбына
байланысты суреттер,
плакаттар т.б.

**Сабақта
пайдаланылған әдіс-
тәсілдер:**

Терминдермен болжау,
Жигсо, синкуэйн, ББҮ

Сабақтан көріністер



Оқыту мен тәрбие берудің мақсаттарын, ұстамдарын меңгерту және өз бетімен оқу білім алуы арқылы белгілі бір нәтижеге жетеді. Ол нәтиже сапалы болса:

- *1. Білім сапасын арттырады.*
- *2. Білімділік деңгейін арттырады.*
- *3. Өз бетімен білім алады.*
- *4. Өз деңгейі арқылы нәтижеге жетеді.*
- *5. Білу қабілетін арттырады.*
- *6. Олимпиадаға қатысады.*
- *7. Байқауларға қатысады.*

«Ғылымды сүйген және жақсы меңгере білген мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады» деген. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу – бүгінгі күннің мақсаты.



Названия новых предметов!